

**Xiaomi
Mi Vacuum
Cleaner mini
ЫҚШАМ
ШАҢСОРҒЫШЫ**

**Пайдаланушы
нұсқаулығы**



Мазмұны

Қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулық ...	3
Бұйымның сипаты.....	5
Нұсқаулық.....	6
Күтім және техникалық қызмет көрсету.....	8
Ақаулықтарды жою	9
Техникалық сипаттамалары.....	10
Қуат адаптері.....	10
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары.....	11
Кепілді хабарлама.....	12
Қосымша ақпарат.....	15

Қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулық

Бұл құрылғы әртүрлі беттерден (кафель, паркет еден, жұмсақ жиһаз, кілемдер және т. б.) шаң мен ласты жинауға арналған.

Жазатайым жағдайларды, соның ішінде электр тогымен зақымдануды және құрылғыны дұрыс пайдаланбау салдарынан жануын болдырмау үшін, құрылғыны пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Оны сақтап қойыңыз – ол сізге келешекте қажет болып қалуы мүмкін.

Ескерту

- 8 жастан асқан балалар мен дене, сенсорлық және ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдар, сондай-ақ тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз адамдар бұл өнімді қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ете алатын және қауіптердің алдын ала алатын ата-анасының немесе қамқоршысының бақылауымен қолдана алады. Балаларға құрылғыны тазалауға және ересектердің қарауынсыз оған күтім жасау бойынша басқа да іс-әрекеттерді орындауға рұқсат етпеңіз.
- Құрылғыны пайдалану кезінде жиынтыққа кіретін аккумуляторды ғана пайдаланыңыз.
- Бұл құрылғыға орнатылған аккумуляторды тек маман ғана ауыстыра алады.
- Аккумуляторды зарядтау үшін құрылғымен бірге жеткізілетін қуат адаптерін пайдаланыңыз.

Пайдалануға қойылатын шектеулер

- Шаңсорғыш тек тұрғын үй-жайларда және автомобильдерде ғана пайдалануға арналған. Оны көшеде, дүкендерде және өндірістік объектілерде пайдаланбаңыз.
- Шаңсорғыштың кіріктірілген аккумуляторы бар. Шаңсорғышты ашық жалын әсеріне ұшыратпаңыз, температурасы жоғары жерлерде зарядтамаңыз, пайдаланбаңыз немесе орналастырмаңыз. Қызып кетуді және жану немесе жарылыс қаупін болдырмау үшін, көлік құралында сақтау кезінде шаңсорғышқа тікелей күн сәулесінің түсуіне жол бермеңіз.
- Шаңсорғышты әрқашан балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

- Жарақат алып қалмау үшін, шаңсорғышты ылғал қолмен пайдаланбаңыз.
- Шаңсорғышпен сұйықтарды (мысалы, суды немесе газдандырылған сусындарды) тазаламаңыз.
- Шаңсорғышпен жанып тұрған немесе түтіп жатқан заттарды (мысалы, темекі тұқылдарын) тазаламаңыз.
- Шаңсорғышпен қатты және үшкір заттарды (мысалы, құрылыс материалдарын, шыныны, шегелерді) тазаламаңыз.
- Шаңсорғышқа ешқандай хош иістендіргішті қоспаңыз. Көбіне олардың құрамында шаңсорғыштың өртенуіне әкелуі мүмкін жанғыш химиялық заттар болады.
- Шаңсорғышты осы нұсқаулықтың нұсқауларына қатаң сәйкестікте қолданыңыз. Пайдаланушылар шаңсорғышты дұрыс пайдаланбау нәтижесінде туындаған кез келген залал немесе зиян үшін жауапты болады.


Аккумулятор және зарядтау

- Аккумуляторды өз бетіңізше бөлшектемеңіз, жөндемеңіз және түрлендірмеңіз.
- Шаңсорғышты жылу батареялары сияқты жылу көздерінің жанында, сондай-ақ ванна бөлмелері сияқты ылғалдылығы жоғары жерлерде зарядтамаңыз.
- Шаңсорғыш зарядталып жатқан кезде оны дымқыл шүберекпен немесе дымқыл қолыңызбен сүртпеңіз немесе тазаламаңыз.
- Аккумулятор алмалы-салмалы емес. Қызмет мерзімі аяқталған соң, шаңсорғышты пайдалану елінің немесе аймағының жергілікті заңдары мен ережелеріне сәйкес кәдеге жарату немесе қайта өңдеуге тапсыру керек.
- Егер зарядтау кәбілі зақымдалса немесе бұзылса, оны дереу пайдалануды тоқтатыңыз.
- Егер шаңсорғыш ұзақ уақыт қолданылмайтын болса, оны толығымен зарядтап алып, розеткадан ажыратыңыз және салқын, құрғақ жерде сақтаңыз. Аккумуляторға зақым келмес үшін, шаңсорғышты кемінде үш айда бір рет зарядтаңыз.

Тасымалдау

- Шаңсорғышты өшірулі күйінде түпнұсқа қаптамада тасымалдау керек.

Бұйымның сипаты




Жіңішке саптама




Саптама-щетка



Connector for charging Type-C



Cable for charging with connector Type-C



Adapter nutrition

Нұсқаулық

Зарядтау

- Шаңсорғышты бірінші рет қолданар алдында, немесе ұзақ уақыт тұрып қалғаннан кейін, оның толық зарядталғанына көз жеткізіңіз.
- Шаңсорғышты үш айда бір рет зарядтау керек.
- Шаңсорғышты зарядтау үшін тек түпнұсқа қуат адаптерін және Туре-С ағытпасы бар зарядтау кәбілін ғана пайдаланыңыз.


Индикатордың сипаты:

Шаңсорғыштың жағдайы		Индикатордың жағдайы
Жұмыс істейді	Аккумулятор зарядының деңгейі жоғары	Жыпылықтамайтын ақ
	Аккумулятор зарядының деңгейі төмен	Жыпылықтамайтын қызыл
	Аккумулятор заряды таусылған	Тез жыпылықтайтын қызыл
Зарядтау	Аккумулятор зарядталуда	Ақырын жыпылықтайтын ақ
	Аккумулятор толығымен зарядталды	Жыпылықтамайтын, содан соң сөнетін ақ
	Үйлеспейтін қуат адаптері	Тез жыпылықтайтын қызыл

Саптамаларды орнату

Керек саптаманы таңдап алып, ағытпаға салыңыз.

Ескертпе: саптамаларды бөлек-бөлек пайдалануға, сондай-ақ құрамдастыруға болады.



Сору қуатын қосу/сөндіру және реттеу

Қуат батырмасы циклмен жұмыс істейді және шаңсорғышты қосу/өшіру және сору қуатын ауыстыру қызметін атқарады:


- Сорудың төмен деңгейінде қосу
- Сорудың жоғары деңгейі
- Өшіру.

Ескертпе

Саптама ағытпасындағы клапан кептеліп қалмауын қадағалаңыз, кері жағдайда пайдалану кезінде шаңсорғыштан қоқыс төгілуі мүмкін.

Күтім және техникалық қызмет көрсету


- Құлыптау батырмасын төмен қарай ақырын сырғытып, басыңыз да, қоқыс контейнерін ашып, оны босатыңыз.



- Қоқыс контейнерін суретте көрсетілгендей сағат тіліне қарсы бұрап шығарып, шешіп алыңыз.




- Сүзгі блогын қоқыс контейнерінің төменгі жағынан тартыңыз.



Сүзгі блогы

- Сыртқы торлы сүзгіні сағат тіліне қарсы бағытта бұрап, HEPA-сүзгіні шығарып алыңыз.



Торлы сүзгі HEPA-сүзгісі

- Қоқыс контейнерін, торлы сүзгіні, HEPA сүзгісі мен саптамаларды сумен жууға болады. Компоненттерін толығымен құрғағаннан кейін ғана орнатуға болады.



Торлы сүзгіні сағат тілімен бұраңыз

Ескертпе: Шаңсорғышты жууға болмайды, бірақ сыртқы беттерін жұмсақ, дымқыл шүберекпен тазартуға болады. Зарядтау ағытпасына су кіріп кетпесін. HEPA-сүзгісін әр 3 ай сайын ауыстырып отыру керек.

Ақаулықтарды жою

Проблема	Ықтимал себебі	Шешімі
Қуат батырмасын басқаннан кейін индикатор кезек-кезек қызыл және ақ болып жыпылықтайды.	Қоқыс контейнері толып қалған.	Қоқыс контейнерін тазалаңыз.
	HEPA-сүзгісі бітеліп қалған.	HEPA-сүзгісін тазалаңыз
	Саптама бітеліп қалған.	Саптаманы тазалаңыз.
Индикатор зарядтау кезінде жанбайды.	Зарядтау кәбілі нашар сұғылған.	Зарядтау кәбілі сенімді қосылғанына көз жеткізіңіз.
	Аккумулятор толығымен зарядталды.	Зарядтау кәбілін ажыратыңыз.
Аккумуляторды зарядтау кезінде индикатор қызыл болып жыпылықтайды.	Үйлеспейтін қуат адаптері.	Шаңсорғышты зарядтау үшін 5 В, 2 А қуат адаптерін пайдаланыңыз.

Техникалық сипаттамалары

Атауы	Mi Vacuum Cleaner mini
Үлгісі	SSXCQ01XY
Батарея сыйымдылығы	2000 мА-сағ
Номиналды қуаттылығы	120 Вт
Номиналды кернеу	10,8 В -
Номиналды кіріс кернеуі	5 В - 2 А
Жалғағыш типі	Түре-С
Таза салмағы	шамамен 0,5 кг
Қолданылу саласы	Тұрмыстық
Бұйымның өлшемдері	267 * 55 * 55 мм

Қуат адаптері

Жарияланған ақпарат	Мәні	Өлшем бірлігі
Үлгінің сәйкестендіргіші A232-050200U-EU2 -		
Кіріс кернеуі	100~240	В ~
Кірістегі айнымалы ток жиілігі	50/60	Гц
Шығыс кернеуі	5,0	в =
Шығыс тогы	2,0	А
Шығыс қуаттылығы	10,0	Вт
Белсенді күйдегі орташа ПӘК	78,71	%
Төмен жүктеу (10 %) кезіндегі ПӘК	-	-
Тұтынылатын қуат, жүктелімсіз	0,10	Вт

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай-да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітіп қоюды қажет етпейді.
- Құрылғы 5 °С-ден 40 °С-ге дейінгі ауа температурасында және 80%-тен аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаң, лас, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, тез арада авторландырылған сервистік орталыққа хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталған соң, оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына бұйым мемлекеттік немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін, тиісті электр және электрондық жабдықты қабылдау орнына кәдеге жаратуға тапсырылуға тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және дұрыс қолданылмаған жағдайда қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін болатын залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқыс шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.



КЕПІЛДІ ХАБАРЛАМА

БҰЛ КЕПІЛДІК СІЗГЕ БЕЛГІЛІ БІР ҚҰҚЫҚТАР БЕРЕДІ ЖӘНЕ СІЗДІҢ ЕЛІҢІЗДІҢ, ПРОВИНЦИЯҢЫЗДЫҢ НЕМЕСЕ ШТАТЫҢЫЗДЫҢ ЗАҢНАМАСЫНА ҚАРАЙ ОЛАР КЕҢІРЕК БОЛУЫ МҮМКІН. КЕЙБІР ЕЛДЕРДЕ, ПРОВИНЦИЯЛАРДА ЖӘНЕ ШТАТТАРДА ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ЗАҢДА ЕҢ ТӨМЕНГІ КЕПІЛДІК МЕРЗІМІ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН. ХІАОМІ КОМПАНИЯСЫ СІЗДІҢ БАСҚА ЗАҢДЫ ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗДЫ ЖОҚҚА ШЫҒАРМАЙДЫ, ШЕКТЕМЕЙДІ ЖӘНЕ ТОҚТАТА ТҰРМАЙДЫ. ӨЗ ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗДЫ ТОЛЫҚ ТҮСІНУ ҮШІН ӨЗ ЕЛІҢІЗДІҢ, ПРОВИНЦИЯҢЫЗДЫҢ НЕМЕСЕ ШТАТЫҢЫЗДЫҢ ЗАҢДАРЫМЕН ТАНЫСУҒА КЕҢЕС БЕРЕМІЗ.

ӨНІМГЕ ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІК

Хіаомі компаниясы өнімдердің материалдары мен сапасы оларды кепілдік мерзімі ішінде пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес қалыпты пайдалану жағдайында ақаулар болдырмайтынына кепілдік береді.

Құқықтық кепілдіктердің ұзақтығы мен шарттары тиісті жергілікті заңдарда көрсетілген. Тұтынушылар үшін кепілдіктердің артықшылықтары туралы қосымша ақпаратты Хіаомі ресми веб-сайтынан қараңыз: <https://www.mi.com/en/service/warranty/>. Хіаомі компаниясы бастапқы сатып алушыға өз өнімдерінің материалдары мен сапасы олар жоғарыда аталған кезең ішінде қалыпты пайдаланылған жағдайда ақаулар болдырмайтынына кепілдік береді.

Хіаомі өнімнің үздіксіз немесе қатесіз жұмыс істейтініне кепілдік бермейді.

Хіаомі өнімді пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарды сақтамау нәтижесінде келтірілген залалдар үшін жауап бермейді.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ ҚҰРАЛДАРЫ

Егер жабдықтың ақауы анықталып, Хіаомі компаниясы кепілдік мерзімі ішінде негізделген шағым алса, Хіаомі өнімді жөндеуді тегін орындауға, бұйымды ауыстыруға немесе жеткізудің ықтимал шығындарын қоспағанда, өнімнің құнын өтеуге міндеттенеді.

КЕПІЛДІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ

Кепілдік қызметін алу үшін өнімді Xiaomi көрсеткен мекенжайға өнімнің құнына тең дәрежеде қорғалуын қамтамасыз ете отырып, түпнұсқа немесе ұқсас қаптамада жеткізуіңіз керек. Xiaomi компаниясы, егер заңнамада өзгеше көзделмесе, сатып алудың дәлелдерін немесе дәлелін және/немесе кепілдік қызметін алғанға дейін тіркелу талаптарын орындауды талап етуге құқылы.

ЕРЕКШЕЛІКТЕР МЕН ШЕКТЕУЛЕР

Бұл шектеулі кепілдік, егер Xiaomi компаниясы өзгеше көздемесе, Xiaomi компаниясы жасап шығарған немесе ол үшін жасалған және оның сауда белгілері, сауда атауы немесе «Xiaomi» не «Mi» логотипі бар өнімге ғана қолданылады. Шектеулі кепілдік аспаннан жай түсу, құйын, су тасқыны, өрт, жер сілкінісі сияқты табиғи апаттардың немесе басқа экзогендік факторлардың салдарынан болған зақымдарға; немқұрайдылықтың салдарына; коммерциялық пайдалануына; өнімнің кез келген бөлігіне енгізілген өзгерістер немесе модификацияларға; басқа өндірушілердің өнімдерін пайдаланудан туындаған зақымдарға; жазатайым оқиға, теріс пайдалану немесе дұрыс пайдаланбау салдарынан болған зақымдарға; өнімді Xiaomi сипаттаған рұқсат етілген немесе жол берілетін пайдаланудан тыс қолданудан туындаған, сондай-ақ сәйкес келмейтін кернеу немесе қуат беру нәтижесінде туындаған зақымдарға; Xiaomi компаниясының өкілі болып табылмайтын адамның қызмет көрсетуімен (жаңартулар мен кеңейтулерді қоса алғанда) байланысты зақымдарға қолданылмайды. Өнімде сақтауға болатын деректердің, бағдарламалық жасақтаманың және басқа материалдардың сақтық көшірмесін жасау сіздің жауапкершілігіңіз болып табылады. Xiaomi компаниясы пайдалану кезінде деректердің, бағдарламалық жасақтаманың және басқа материалдардың жоғалуына немесе қайта форматталуына жауап бермейді. Xiaomi компаниясының ешбір сатушысы, агенті немесе қызметкері осы кепілдікке өзгертулер мен толықтырулар енгізуге құқылы емес. Егер қандай да бір шарт заңсыз

немесе заңдық тұрғыдан жарамсыз болып шықса, бұл жайт қалған ережелердің заңдылығына немесе орындалуына әсер етпеуге немесе бұзбауға тиіс. Заңмен тыйым салынған жағдайларды қоспағанда немесе Хиаоми компаниясы өзгеше қарастырғаннан басқа жағдайларда, сатудан кейінгі қызмет сатып алу елінде немесе аймағында жүзеге асырылады.

Осы кепілдік тиісті түрде импортталмаған, Хиаоми компаниясы өндірмеген және/немесе Хиаоми немесе оның ресми өкілінен сатып алынбаған өнімдерді қамтымайды. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, сіз өзіңізге өнімді сатқан ресми дистрибьютордың кепілдіктеріне сүйене аласыз. Сондықтан Хиаоми компаниясы сізге өнімді сатқан сатушыға хабарласуыңызға кеңес береді. Бұл кепілдік Гонконг пен Тайваньға қолданылмайды.

БОЛЖАНАТЫН КЕПІЛДІКТЕР

Заңнамада тыйым салынған жағдайларды қоспағанда, болжанатын кепілдіктердің (тауардың жай-күйі мен нақты мақсат үшін жарамдылығы кепілдіктерін қоса алғанда) осы кепілдіктің қолданылу мерзімінен аспайтын шектеулі қолданылу мерзімі болады. Кейбір юрисдикцияларда көзделген кепілдіктің қолданылу мерзімін шектеуге жол берілмейді. Мұндай жағдайлар да аталған шектеу қолданылмайды.

ХИАОМИ КОМПАНИЯСЫНЫҢ БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ

Клиенттерге арналған толық ақпаратты мына сайттан қараңыз:

<https://www.mi.com/en/service/warranty/>

Сатудан кейінгі қызмет көрсететін байланыс тұлғасы Хиаоми авторландырылған қызмет көрсету желісінен, Хиаоми авторландырылған дистрибьюторынан кез келген адам немесе өнімді сатқан сатушы болуы мүмкін. Егер сізде қандай да бір сұрақтар туындаса, Хиаоми компаниясындағы тиісті тұлғаға хабарласыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Чжэцзян Синъюй Электрик Эквипмент Ко., Лтд. Оңтүстік жағы, 24 қаб., Цзиньпинь ғим., Орталық кеңсе, Юнкан қ., Чжэцзян пров., Қытай.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане: ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Султан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламент талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр-магниттік сәйкестігі».
- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы мен радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

ТМ: Mi

Интернеттегі мекенжайы: www.mi.com

Бұйымның сыртқы түрі, оның сипаттамалары және жиынтықталуы алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Шығарылған күні, сондай-ақ кепілдік және пайдалану мерзімдері қаптамада көрсетілген.

EAC
V2

